



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

канд. филол. наук. — 10.01.09.

23. Алтай баатырлар (Алтайские богатыри) / Сост. С.С.Суразаков. — Т. 2. — Горно-Алтайск: Горно-Алтайское кн. изд-во, 2000, 340 с.

24. Тувинско-русский словарь / Под ред. Э.Р.Тенишева. — М.: Сов. энцикл., 1968, 646 с.

УДК ЭОЖ 930.85:81'0

КӨНЕ ҰЙҒЫР ЖАЗБА МҰРАСЫ «АЛТУН ЙАРУҚТАҒЫ» КӨПТІК ЖАЛҒАУЛАР

Шаманова Назерке Махсотқызы

nazko_12.95@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Түркітану кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі –доктор PhD, аға оқытушы Э.Ш.Калжанова

744 жылы Түркі қағанатын құлатып, сол аймақта үстемдік құра бастаған, алғашқы болып отырықшылыққа көшіп, тарих, өнер және мәдениет жағынан үлкен өркениет құрған Ұйғыр мемлекеті 840 жылға дейін өмір сүрген. Алтай тауларынан Үлкен Хинганга, Саян жоталарынан оңтүстіктегі Гоби шөліне дейінгі аралықты қамтыған ұйғыр қағанатын алғашқы болып Пэйло қаған басқарады. Мойыншор қағанның кезінде Ұйғыр қағандығының әскери және саяси қуатының артқаны соншалықты, 757 жылы Қытайда орын алған Ан Лушан көтерілісін басуға көмек көрсетіп, кейбір мүмкіндіктерге қол жеткізеді. тужуэлер, яғни түркілермен бірге бір аумақта өмір сүрген ұйғырлар Күлтегін және Білге қаған ескерткіштеріне жақын орналасқан Орда-Балық "Сарай қаласы" атауы берілген жерді, яғни Өтүкенді орталық етеді. IX ғасырдың бірінші онжылдығында Ұйғыр қағанатының басты жауы енисей қырғыздары болды. Олардың арасындағы соғыс ауыспалы жеңіспен жиырма жылдан көпке созылды. Ақырында, 840 жылы қырғыздар ұйғырдың сатқын қолбасшыларымен бірігіп Орда-Балықты басып алады. Қырғыздар Ұйғыр қағанатын құлатқаннан кейін ұйғырлар Моңғолстан өңірінен оңтүстік батысқа қарай көшеді. Көпшілігі қазіргі Шыңжаң аймағына орналасып, осы аймақта аудармаға негізделген әдебиет қалыптастырады. Осы әдебиетке қатысты мәтіндердің барлығы дерлік діни мазмұндағы мәтіндер. Моңғолстаннан қазіргі Шыңжаң, Тарым, Кочо аймағына қоныстанған ұйғырлар бұл жерде жаңа өркенет құрады. Отырықшылыққа өтіп, буддизм, манихей, христиан діндерін үйренген ұйғырлар, соғды, тохар, қытай тілдерінен аударылған діни еңбектердің бір бөлігін өз тілдеріне аударады. Осы арада 850-1240 жылдар арасында билік еткен Ұйғыр хандығы Кочо Ұйғыр деген атпен белгілі [1, 22-23].

Буддизм әдебиеті негізінен «Трипитака (үш себет)» деп аталатын кітаптар топтамасынан тұрады. Бұл кітаптар қатарына Сутра-питака, Абхидхарма-питака, Виная-питака жатады. Трипитака топтамаларының ішінен көне ұйғыр тіліне көбіне сутралар аударылған. Көне ұйғыр тіліндегі осындай сутралардың ең көлемдісі және ең құндысы – «Алтун йарук» жазба ескерткіші. Жазба ескерткіште буддизм дінінің негіздері, философиясы мен уағыздары туралы жазылған. Он кітап және отыз бір бөлімнен тұратын жазба ескерткіштің ең көлемді нұсқасын 1909-1911 жылдары арасында С.Е. Малов экспедиция кезінде Сучжоу қаласы, Ганьсу провинциясынан тапқан. Қолжазба қазіргі таңда Ресейдің Санкт-Петербург қаласындағы Ғылым Академиясының Шығыс тілдері бөлімінде сақтаулы тұр. 1913-1917 жылдар аралығында В.В. Радлов пен С.Е. Малов көне ұйғырша мәтінді жариялап, 1930 жылы неміс тіліне аударды. Қазіргі таңда «Алтун Йарук» жазба ескерткішінің тек тибет, қытай және ұйғыр тіліне аударылған нұсқалары сақталған [2,139-140].

Ескерткіштегі әңгімелердің ең көлемдісі және тақырыбы жағынан ең қызықтысы аш барыс пен ханзада туралы хикая болып табылады.

Ғылым ортасында «Аш барыс» аталып кеткен бұл хикаяда жеті күн бұрын күшіктеп, күш-қуатын жоғалтқан, қатты ашыққан барыс пен үш ханзада арасындағы оқиға

баяндалады. Буддизм дінінің «алдымен жан-жануарларды, кейін өзін құтқару» түсінігі бойынша жазылған хикаяның негізгі қаһарманы – Махаратха атты әміршінің кіші ұлы Махасатва. Оқиға желісі –Махасатва ханзаданың жеті күн бұрын күшіктеген, ашыққаннан амалсыз өз күшіктерін жегелі жатқан бір аш барыс (өлекшін) пен күшіктерін құтқару үшін өзін құрбан етуі. Қазіргі таңда «Аш барыс» хикаясы толыққанды қарастырылып, зерттеліп, талданып жүрген туынды.

Хикая Радлов – Маловтың «Алтун Йарук» жарияланымынан кейін алғашқы рет Түркияда 1936 жылы ғалым Р.Р. Араттың «Алтун Йарукты» қарастырған бір еңбегінде жарияланады. Ғалым зерттеу жұмысында «Аш барыс» хикаясының Радлов – Малов жарияланымындағы 607.8-616.10 аралығындағы жолдардың транскрипциясын жасайды [3, 9].

Неміс ғалымы А. фон Габен 1941 жылы жариялаған Көне түркі тілінің грамматикасы еңбегінде «Аш Барыс» әңгімесін жариялайды.

Түрік ғалымы Саадет Шағатай 1945 жылы В.В. Радлов пен С.Е. Малов жариялымынан «Аш Барыс» әңгімесі де қамтылаған 607-644 жолдардың транскрипциясы мен түрікше аудармасын, мәтінге қатысты түсініктемелер береді.

1951 жылы С.Е. Малов «Аш Барыс» әңгімесінің көне ұйғыр жазуымен жазылған мәтінінің кириллицамен транскрипциясын және орысша аудармасын жариялайды.

Сонымен қатар, В. Эберхард қытай тілінен жасаған «Аш Барыс» әңгімесінің аудармасын жариялап, сөздігін құрастырады.

«Алтун Йарук» сутрасы бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстары, аудармалар, «Аш Барыс» хикаясындағы мәтін ерекшеліктері, транскрипциялау, транслитерациялау, оқылуы және де жазба ескерткіш бойынша зерттелген ғалымдардың еңбектері, топтық жұмыстар, жариялымдар, фрагменттер т.б. жұмыстар Земире Гулджалының «Eski Uyurca Altun Yuruk Sudur'dan “Aç Pars” Hikâyesi (Көне ұйғырша Алтун йарук сутрасынан «Аш Барыс» әңгімесі) атты еңбегінде толыққанды аталып көрсетілген [4, 35].

Баяндамамызда диссертациялық жұмысымызға да тақырып етіп алынған осы әңгімедегі көптік жалғауларын қарастырып, кездесетін мысалдармен ашып көрсетеміз. Мысалдар мен қазақшаға аудармаларда З. Гулджалының еңбегі негізге алынды. Осыған байланысты, зерттеушінің транскрипциялау жүйесі мен нөмірлеу тәртібі толығымен сақталды.

Көптік жалғауы объектінің сандық белгілерін және олардың субъектілерге қатысының ортақтық немесе жекелік сипатын танытудың, көптік, топтық, жинақтық, ортақтық белгілерінің көрсеткіші қызметін атқарады. Көне ұйғыр ескерткіштері тілінде негізінен **-lar, -ler; -an, -en; -gun, -gün, -kun, -kün; -t** көптік жалғаулары кездеседі.

1)**-lar, -ler** ең көп кездесетін бұл аффикстің қалыптасуы мен дамуы жайлы негізгі көзқарастар бірнеше бағытта өрбиді. Яғни, көптік ұғымды сипаттайтын, басты қосымшаның шығу тегі, тұлғалық құрамының қалыптасуы, мазмұнындағы көпшілдік идеясын беретін уәждік негіздер туралы да бірізді тұжырым орныққан жоқ. Ғалымдар **-lar, -ler** көптік жалғауының құрылымы, пайда болуы туралы түрлі пікірлер білдіреді. Мысалы:

К. Грюнбех бұл жалғаудың ұйғыр тілінде басқа көптік жалғауларына қарағанда басымдылыққа ие болғанын айтса, Ш.Текин бұл жалғау туралы: «**-lar** жалғауы кейінірек ұйғыр дәуірінде дербес көптік жалғауына айналып, есім сөздермен қатар, етістіктерге де жалғанған» - деген пікір айтады.

Б. Мункачидің пайымдауынша бұл жалғау *ol* есімдігі мен *+r* көптік жалғауының бірігуінен пайда болған: **+lar / +ler < ol+r**.

В. Вангтің пікірінше «қосу, байлау» мағыналарын білдіретін *ula-* етістігіне *+r* келер шақ жұрнағының жалғануы арқылы пайда болған: **+lar / +ler < ula-r**.

М. Ряснен көптік жалғауға қатысты екі пікір білдірген. Бір болжамы бойынша «ілу, біріктіру» мағынасын беретін *il-* етістігіне *+r* келер шақ жұрнағының жалғануы арқылы (**+lar / +ler < il-e-r**) шыққан болса, екінші болжамы бойынша есімнен есім тудыратын *+li/+li* жұрнағымен *+er* «ер, еркек» сөзінің бірігуінен пайда болған **+lar / +ler < +li / +li + er** [5,126].

Т. Ковальскийдің пікірінше **-lar, -ler** қосымшасы көптік мәнді дербес лексеманың грамматикализация құбылысына ұшырауы негізінде жасалған. Бұл тұжырымға сәйкес, жалғаудың этимологиялық негізінде болжамдық сипаттағы «бірнеше», «көп» т.б. тәрізді мән беретін қандай-да бір сөз жатуы мүмкін.

В.А. Богородскийдің пайымдауынша **-lar, -ler** қосымшасы көптік мәнді түбір сөзге қосымша морфеманың жалғануы арқылы жасалған, яғни жіктеу есімдігі *ol* мен *+ar* жұрнағының кірігуінен қалыптасуы мүмкін.

Н.А. Баскаковтың ойынша бұл *-la* жұрнағы мен келер шақ есімшенің *-r* формантының бірігуі арқылы жасалған күрделі аффикс [6, 204].

Көне ұйғыр ескерткіші тілінде **-lar, -ler** жалғауының бір ерекшелігі, оның сан есімдермен құрылған тіркестерде жиі кездесуі. Мысалы:

ol üç teğıtlär(608.83) "ол үш ханзада"

iki iniläriñä (608.89) "екі інісіне"

yeti änükläri (610.121, 122) "жеті күшігін"

iki eçiläriñä (615.101, 102) "екі ағасына"

üç ögüklärüm (623.435) "үш құлыным (балам)"

Түрік ғалымы Кемал Эраслан «Eski Uygur Türkçesi Gramerü (Көне ұйғыр тілі грамматикасы)» атты еңбегінде жоғарыда мысалдары келтірілген, сан есімдермен құрылған тіркестерде кездесетін **-lar, -ler** жалғауын *анық көптік жалғау* деп көрсетеді. Себебі бұл жағдайда сан есім заттың нақты санын білдіреді. Ғалымның пікірінше көне ұйғыр тілінде мұндай құрылымдарда зат есімге жалғанған көптік жалғауы мағынаны күшейту қызметін атқарады.

-lar, -ler көптік жалғауынан кейін тәуелдік, септік жалғауы мен сұраулық демеуліктер қолданылыла алады. Көптік жалғауының қолданылу аясы:

1. Атау септігіндегі есімдерге жалғануы. Атау септігіндегі қандай да бір есімге жалғана береді:

y(a)rlıkançıçı köñüllüg kutlug yalañuklar (611.158, 159) "көңілі мейірімге толы, құтты адамдар"

siñirin tamırın yörgälmışsünöklär (614.221) "тамыр шырмаланған сүйектер".

2. Септік жалғаулы есімдермен қолданылуы:

amraklartınadırlıgı uluk ämgäk bolmazun (609.99) "жақындарымыздан айырылып қалу бейнеті болмасын" (жатыс септігі).

iki eçiläriñäötrü inçä tep ötündi (609.101, 102) "екі ағасына былай деді" (батыс септігі: *eçi-läri-n-gä*).

kamagkurtlarınıñ koñuzlarınıñ(614.219)"бар құрт-құмырсқаның" (ілік септігі).

tüptüz körür siztnl(i)glarıg; öztä tugmış ogulça kızça (617.297-299) "тең көрерсіз жандыларды өзіңнен туған ұл-қыздай" табыс септігі

3. Тәуелдік жалғауы жалғанған есімдермен қолданылуы:

inçä tep teđi ayinilärim(608.90) "былай деді: Әй, інілерім" (1 жақ, жекеше түрі).

yalañuz kurugsünökläri ök turu kaltı(618.313) "тек құр сүйектері қалды" (3 жақ, жекеше түрі).

4. Сан есімдермен қолданылуы:

ol üç teğıtlar(608.83) "ол үш ханзада"

iki iniläriñä (608.89) "екі інісіне"

iki eçiläriñä (609.101, 102) "екі ағасына"

yeti änükläri (610.121) "жеті күшігін"

üç ögüklärüm (623.435) "үш құлыным (балам)"

2) **-an, -en** көптік мағынаны білдіретін көптік жалғау.

А. фон Габен **+an/ +en** көптік жалғауын берілгендікті білдіретін күшейту мәнді көне аффикс деп қарастырады.

Т.Текин бұл жұрнақты моңғол тіліндегі **+n** көптік жалғауымен байланыстырады.

Ш.Текиннің пікірінше шығу тегі беймәлім бұл жалғау, белгілі бір беделге ие

тұлғаларға қатысты қолданылады [5, 129].

-an, -en көптік жалғауы мәтінде тек қана *oglan* (<*og(u)l-an*) сөзінде кездеседі.

saviglig körklüg manizlig üç oğlanı әрти (608.74) "сүйкімді, көрікті үш ұлы (бар) еді"

üç oğlanı birla taştın tagta arıgtailinçükä bartı (608.79, 78) "үш ұлымен бірге сыртқа, қырға, орманға серуенге барды"

kamag beş aştun tınl(ı)glar oğlanın nom buşılıg mänji üzä mänjilätgülik (615.235-237) "бүкіл бес әлемдегі жандылардың балаларын дұға және қайырмамен қуанту".

3) **-gun, -gün, -kun, -kün**

А. фон Габен **-gun, -gün, -kun, -kün** жалғауының көптік жалғауы екендігіне сенімсіздік білдіріп, дерексіз есімдер тудыратын қосымша деп қабылдайды.

Т. Текин **-gun, -gün** жалғауын көптік жалғау деп танып, көптік мәнді атауларда кездесетінін атап көрсетеді.

Ш. Текиннің пікірінше **gun, -gün, -kun, -kün** жалғауы жасы кіші туысқандық атауларға қатысты қолданылатын көптік жалғауы [5: 130].

Мәтінде тек қана *kamagun* сөзінде кездеседі.

bizkamagunamtı isig özümüzkä ät'özümüzkä ärtiñü ilinmiş yapşınmış biz(611.12-14) "біз бәріміз қазір жанымызға, тәнімізге байланып қалғанбыз".

m(ä)n amtı kamagun ünüp amrak ögüklärimin tiläyin (622.410-412) "мен қазір бәрімен шығып, сүйікті балаларымды іздейін".

4) **-t**

А. фон Габен **-t** жалғауын қызметі белгісіз, кездейсоқ қолданылатын өте көне көптік жалғауы деп қабылдайды.

Т. Текин **+(t, i, u, ü)t** көптік жалғауы ретінде қарастырып, моңғол тіліндегі **-d, -ud/-üid** жалғауымен байланыстырады.

Ш. Текиннің пайымдауынша бұл жалғау жоғарғы шендегі тұлғаларға қатысты қолданылады [5, 130].

-t көптік жалғауы мәтнімізд тек қана *tegit* (ханзадалар, *tegin* «ханзада» сөзінің көпше түрі) сөзінде кездестірдік.

ol üç teğıtlär hua çäçäk tüş yemiş ävdigäli aṭaları eliğ bägkä ötüniüp ayıtıp kaltılar (608.10-12) "ол үш ханзада гүл, жеміс-жидек тереміз деп әмірші әкелерінен сұранып қалып қойды"

ol ödün ol ikitegitlär моңғұлауы *sözläşü açıgları kälipyeritilär uıgladılar* (619.6-8) "сол кезде бұл екі ханзада осыларды айтып, көңілдері түсіп, зарлана жылады".

Берілген мысалдардан көрініп тұрғандай «Алтун Йарук» жазба ескерткішінде көне ұйғыр ескерткіштері тіліндегі **-lar, -ler; -an, -en; -gun, -gün, -kun, -kün; -t** көптік жалғауларының бәрі де кездеседі. Бұлардың ішінде ежелгі дәуірлерден бері қолданылып келе жатқан, қазіргі түркі тілдерінің де негізгі грамматикалық көрсеткіші болып табылатын **-lar, -ler** көптік жалғауы көне ұйғыр тілінде де негізгі көптік жалғауы болғаны анық. Жалғаудың бұл дәуірде қолданылуының бір ерекшелігі оның сан есімді сөз тіркестеріне де жалғануы. Ал **-an, -en; -gun, -gün, -kun, -kün; -t** көптік жалғауларын болса мәтнімізде тек *oglan* (<*og(u)l-an* «ұлдар, балалар»), *kamagun* «бәрі, баршасы, барлығы, жалпы», *tegit* «ханзадалар» сөздерінде ғана кездеседі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ölmez M. Köktürkçe ve Eski Uygurca Dersleri. – İstanbul: Kesit, 2017, 566 s.
2. Малов С.Е. Памятники древнетюрской письменности . – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1951, 451 с.
3. Ölmez M. Altun Yaruk III . Kitap (= 5. Bölüm) (Suvamaprabhasasütra). – Ankara: Odak Offset, 1991, 186 s.
4. Gulcalı Z. Eski Uygurca Altun Yaruk Sudur'dan "Aç Bars" Hikâyesi . – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2012, 451 s.
5. Eraslan K. Eski Uygur Türkçesi Grameri.– Ankara: Turk Dil Kurumu Yayınları, 2012, 664 s.

6. Түймебаев Ж., Ескеева М. Көне түркі жазба ескерткіштері тілінің морфологиялық жүйесі. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2016, 368 б.
7. Gabain A. von. Eski Türkçenin Grameri. – Ankara: TTK Basımevi, 1988, XXIII + 331 s.

УДК 394.2

ТРАДИЦИИ И ОБРЯДЫ КАЗАХСКОГО НАРОДА В ТРУДЕ А.И. ЛЕВШИНА «ОПИСАНИЕ КИРГИЗ-КАЗАЧЬИХ, ИЛИ КИРГИЗ-КАЙСАЦКИХ ОРД И СТЕПЕЙ»

Шахманова Азиза Сериковна

aziza.shakhmanova@mail.ru

Магистрант кафедры тюркологии ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – доктор Ph.D, доцент А.Б.Шалдарбекова

Начиная с середины XVIII века территория Казахстана привлекает внимание российских ученых. Начало изучения Казахстана относится к началу правления Петра I. На территории Казахстана и Средней Азии были организованы крупные экспедиции, но наиболее широкое изучение казахской этнографии происходит в XIX веке, когда российские исследователи посетили Казахстан и опубликовали научные труды по географии, истории, культуре проживающего здесь народа [1].

В 1820-1822 гг. Казахстан посетил чиновник Азиатского департамента МИД России, исследователь А.И. Левшин (1799-1879) [2].

Путешествие А.И. Левшина было очень значительным по своим научным и практическим последствиям. Недаром его называют «Геродотом казахской истории». Левшин несколько лет исследовал центральные и местные архивы, собрал обширные полевые материалы о народах Великой Татарии – казахах, башкирах, калмыках и т.д.

Исследовав все имевшиеся ранее сведения о казахском этносе, А.И. Левшин издал в 1832 г. солидное трехтомное сочинение «Описание киргиз-казахских, или киргиз-кайсацких, орд и степей». В первом томе изложены «известия географические», во втором – «исторические известия». Третий том целиком посвящен «этнографическим известиям». [2]

Монография получила широкое признание, была переведена на иностранные языки. Ученые наперебой называли ее классическим и выдающимся произведением. За все последующие сто тридцать лет почти каждый исследователь изучения истории и этнографии казахского народа начинал со знакомства с этой монографией. Она представляет интерес не только для историографии, но и для изучения исторической этнографии казахов, так как точно и добросовестно описанные в ней многие материалы сохраняют значение достаточного и зачастую единственного источника [3].

Несмотря на многие неточности и предвзятые суждения, работа А.И. Левшина до сих пор считается одной из самых известных работ российских исследователей Казахстана в конце 19 начале 20 века. В данной статье мы попытались проанализировать сведения в труде А.И. Левшина о казахских традициях и обрядах. Прежде чем перейти к основной теме работы, охарактеризуем личность А.И. Левшина и постараемся определить какова была цель написания работы.

Алексей Ираклиевич Левшин – выдающийся русский ученый, литератор и государственный деятель первой половины-середины XIX в. Самый первый и, без сомнения, самый крупный творческий успех ученого, определивший всю его последующую судьбу в науке и в немалой степени на государственном посту, непосредственно был связан с Казахстаном. Подготовленный и опубликованный А.И. Левшиным в 1832 г. фундаментальный труд о казахском народе единодушно был признан научной общественностью разных стран классическим произведением мировой востоковедческой литературы, которое по широте охвата научных проблем, богатству и оригинальности историко-этнографических сведений намного превзошло все исследования о казахах,